

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - С. 269-273

БИЛІК ТРАНЗИТІ КЕЗІНДЕ МЕДИАДАҒЫ ЦЕНЗУРА ЖӘНЕ АВТОЦЕНЗУРА: «ЖАС АЛАШ» ЖӘНЕ «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТТЕРІ МЫСАЛЫНДА

Мұханғали Қ.Ж., 2 курс магистранты
Сүлеймен Демирель атындағы университет,
Алматы облысы, Қаскелең қаласы

Аннотация

Транзит кезінде медианың қай түрі болсын маңызды рөл ойнайды. Өйткені ол қоғамдық пікірге әсер етеді немесе қысым жасайды[1]. Қазақстанда 2019 жылы 19 наурызда бірінші президент Н.Назарбаев өкілеттігін тапсырған соң билік транзиті процесі басталды. Дәстүрлі және әлеуметтік медианың осы сәтте жаңалықтарды қандай дискурспен беруі–оқырманның шынайы және бейтарап ақпарат алуына әсер етті. Қазақстан журналистикасындағы цензура мен журналистердегі автоцензураның көрінісін анықтау елде қаншалықты сөз бостандығы барын анықтауға көмектеседі. Осы себептен зерттеу нысанына әлеуметтік-маңызды екі республикалық басылым: «Егемен Қазақстан» және «Жас Алаш» газеттерінің 2019 жылғы наурыз және желтоқсан аралығы алынды. Зерттеуде билік транзиті басталған сәтте екі басылым материалдары қандай дискурспен және нарративпен берілгені талданады. Бұл үшін нарратив анализ әдісі қолданылады. Мақала сөз бостандығы контекстінде цензура және автоцензура тақырыптарына зерттеу жүргізген батыстық ғалымдар мен «күн тәртібі», «есік күзетшісі» сияқты бірнеше медиа теорияларына сүйеніп, оның Қазақстан медиасындағы көрінісін ғылыми негіздеуге тырысады.

Кіріспе

Freedom House халықаралық ұйымының деректеріне сәйкес, Қазақстан тәуелсіздіктің бастапқы жылдары ғана «жартылай еркін» ел атанған болса, мұнан соң «сөз бостандығы жоқ» елдердің қатарына енді. Қазақстандағы сөз бостандығы жағдайын зерттейтін «Әділ сөз» ұйымы елде журналистердің қудалануы, физикалық және моральдық қысымға ұшырайтынын жазған еді[2]. Осы себептен цензура мен автоцензураның Қазақстан журналистикасындағы көрінісі қандай екені және онымен қалайша жұмыс істеуге болатыны өзекті мәселе. Медиа қызметкерлерінің классикалық түсініктегі «цензура» ұғымымен ғана емес, олардың өзін-өзі шектеуі арқылы пайда болатын «автоцензура» терминінің не екенін, оның олар өндіретін материалдағы орнын түсінуі де маңызды. Қазақстан медиасындағы цензура мен автоцензураның көрінісін анықтау үшін республикалық екі басылым: «Жас Алаш» және «Егемен Қазақстан» газеттерінің контенті талданады.

Зерттеу көлемінің шектеуіне байланысты аталмыш материалға 2019 жылдың наурыз және желтоқсан аралығындағы кей материалдар енді. Мақалада сапалық зерттеу әдісі – нарратив анализ қолданылатын болады. Зерттеу барысында авторлардың оқиғаны қандай дискурспен бергенін, түрлі мәселені көтеруде бейтараптық принципінің қаншалықты сақталғанын әлде басылымның ол жайлы мүлде айтпауына назар аударылады.

Зерттеу әдісі

Нарратив анализ әлеуметтік ғылымдарда әңгіме я стори ретінде құрастырылған мәтін немесе суретті түсінуге арналған талдамалық және интерпретациялық әдіс. Әдетте нарратив, яғни әңгімелеу арқылы адамдар өз тәжірибесін бөліседі. Нарратив әңгімелер ретінде журнал, газеттегі мәтін, сұхбат, хат, белгілі бір шараның қатысушыларының айтқаны, өзге де объектілер алынады. Зерттеуші Catherine Kohler Riessman нарратив анализді төртке бөліп қарастырады: тақырыптық, құрылымдық, диалогика-қойылымдық және визуал анализ[3]. Әдісті қолданғанда зерттеуші нарративтің бір элементіне басымдық беріп, зерттеу жасай алады. Тақырыптық анализ оқиғаның не туралы айтқанын қарастырса, құрылымдық анализ оның қандай бөлімдерден тұратынына назар аударады. Riessman-ның айтуынша, тақырыптық және құрылымдық талдау нарратив анализдің негізі[3]. Диалогикалық талдау мәтіндегі кейіпкерлердің қалай қарым-қатынас жасағанына, оқиғаның бэкграундына және әлеуметтік элементтерге назар аударады. Ал визуал талдауда сөздер мен суреттің арасындағы байланысты зерттеу арқылы анализ жасалады. Сондай-ақ кейін өзге зерттеушілер функционалды нарратив анализдің барын жазған[4]. Ол автордың, яғни әңгімелеушінің оқиғаны баяндауда қандай мақсаты барын анықтауға тырысады. Мысалы, кей мәтіннің мақсаты оқырманды белгілі бір бағытта ойлату, сезіндіру, ойын өзгерту, жаңа идеялар қосу, әрекет етуге шақыру немесе өзге де идеялар болуы мүмкін. Қорыта айтқанда, нарратив анализ мәтіннің құрылымы қандай, түпкі мақсаты не, автор не айтқысы келді, осыған дейінгі оқиғалармен байланысы бар ма сияқты көптеген сұраққа жауап іздейді.

Негізгі бөлім

«Егемен Қазақстан» газеті елімізде 1919 жылдан бері жұмыс істейді. Газеттің ресми сайтындағы дерекке сәйкес, қазіргі сәтте 206 мың тиражы бар. «Жас Алаш» газетінің негізі 1921 жылы қаланды. Қазіргі сәтте апталық тиражы – 24 мыңнан астам. Сондай-ақ «Жас Алаш» газеті аптасына екі рет, ал «Егемен Қазақстан» аптаның жұмыс күндері, яғни бес күн шығып отырады.

2019 жыл тәуелсіз Қазақстанның саяси өміріндегі ең айтулы жылдың бірі болды. Елді 30 жылға жуық билеген Н.Назарбаев президенттік лауазымынан кетіп, оның орнына мемлекет басшысы болып Қ-Ж.Тоқаев тағайындалды. Бұл кезеңді Chatham House тәуелсіз зерттеу орталығының сарапшылары жартылай транзит деп атады[5]. Олар бірінші президент өкілеттігін тапсырғанымен, сол сәтте Қауіпсіздік кеңесінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы сияқты бірқатар қызметте қалуын елді әлі де

болсын билеп отыруының басты себебі ретінде көрсетті. Осы себептен зерттеу нысанының уақыт аралығына сәйкес, мұнда Қазақстандағы билік транзитінің бастапқы кезеңі, яғни жартылай транзит кезі қарастырылды. Ал кей сарапшылардың айтуынша, 2022 жылдың басындағы Қаңтар оқиғасы толық транзиттің белгісін білдіреді. Дегенмен аталмыш зерттеуге тек 2019 жылдың наурыз-желтоқсан аралығы енді.

«Егемен Қазақстан»: елбасының тарихи рөлі, елбасы саясаты

Президент ауысқан сәтте басылымда көбіне бірінші президенттің сол уақытқа дейінгі жұмыстары сараланып, позитив реңмен көрсетілген, ал Тоқаевтың тағайындалуы бірінші басшы таңдаған адам болғандықтан да дұрыс шешім ретінде бағаланды. Яғни елге жаңа президент келгенімен, наурыз-маусым аралығындағы газет контентіне қарап, ондағы бірінші президентке арналған материалдың көптігін және олардың барлығы біржақты позитив бағытта жазылғанын көре аламыз.

Бірінші президент халыққа үндеу жасаған соң, 20 наурыз күнінен бастап редакция шамамен екі аптадай түрлі сарапшы мен мемлекеттік органдағы құзырлы қызметкерлердің құттықтау сөзін беріп отырды. Бұл үшін редакция «Елі сүйген, елін сүйген елбасы» атты айдар әзірлеген. Мысалы, Қазақстан халқы Ассамблеясының, «Аманат»(бұрынғы «Nur Otan») партиясының мүшелері, қоғам қайраткерлерінің, спорт чемпионы мен ТМД басшыларының сөздері берілген. Олардың барлығы газеттің алғашқы беттерінде жарияланған. Құттықтаудың басым бөлігі Назарбаевтың бұл шешімін «дұрыс қадам» ретінде бағалаған, газеттен пікір алуандығын емес, барлық сарапшының ұқсас бағытта ойлайтынын, яғни спикерлердің бірдей құндылықтарын көре аламыз. Есік күзетшісі теориясына сәйкес, редакция өз ұстанымына және құндылықтарына сай келетін тақырып пен сарапшы пікіріне жол береді. Яғни редакцияның қандайда бір тұлғалардың пікірін таңдауы – оның белгілі бір көзқарасын білдіреді.

Тоқаев Астана атауын өзгертуге ұсыныс жасаған бір күннен соң(21наурыз) газетте «Елорда енді Нұр-Сұлтан деп аталады» деген атаумен материал жарияланған. Материалда «тұрғындардың Нұр-Сұлтан атауын бірауыздан қолдағанын» жазған соң журналистер ешбір тұрғынның немесе қандайда бір сауалнаманың, зерттеудің нәтижесіне сілтеме жасамаған. Журналистиканың объективтілік принципіне қарамастан, автордың біртарапты ақпар таратқанын байқай аламыз. Зерттеуші Уинтер журналистердің ақпаратты әрлеуінен немесе оның кей бөлігін айтпауынан автоцензураның барын көруге болады дейді[6]. Бұл редакцияны негатив реңде немесе өзге топты позитив жағынан көрсетуі мүмкін.

Кейінгі шыққан «Азаттық архитекторы» мақаласында атауы айтып тұрғандай бас кейіпкер – бірінші президент. Автор – газеттің басқарма төрағасы. Есік күзетшісі теориясына сәйкес, редакция басшылығы қандай ақпараттың өндіріліп, аудиторияға жеткізетінін шешетіндіктен бұл редакция саясатының да қандай екенін бірден аңғартады. Автор Н.Назарбаев билеген жылдардағы негізгі шешімдерді атап өтіп, оны «азаттық архитекторы» ретінде бағалап, ел жетістіктерін бірінші президент есімімен

тікелей байланыстыратын месседж жолдайды. Осыған дейін газетте бірінші президенттің сол сәттегі саяси лауазымдары жайлы жазылмаса да, материалдың соңғы сөйлемінде ресми түрде президенттіктен бас тартқан адамның саяси рөлінің әлі де болсын жоғары екенін мәлімдейді[7].

«Жас Алаш»: саяси амбициясы жоқ саясаткер, адал дипломат.

«Бәрінен де ақиқат қымбат» деген слоганы бар газеттің негізгі мақсаты – шындықты жазатын медиа қалыптастыру. «Кеттім» деп күшейіп алды» – Назарбаев өкілеттігін тапсырған соң «Жас Алаштың» шығарған алғашқы материалы. Атауының өзі бірінші президенттің кеткенімен, «қалғанын» білдіреді. Кіріспесінде бұл жайлы «Мінбеде жаңа президент тұрғанымен, ең жоғарғы төрде өздері(депутаттар) 30 жыл бас ұрып, әр сөзіне табынған Нұрсұлтан Назарбаев бәріне қадала қарап отырған еді» делінеді[8]. Материал бойы оған берілген барлық құрмет пен түрлі лауазымды тізе отырып, билігінің керісінше қуатты бола бастағанын бірнеше мәрте қайталайды.

Осы шығарылымда билік транзиті жайлы бірқатар саясаткер, заңгер және белсенділердің пікірі берілген. Олардың басым бөлігі бірінші президенттің осылайша билікті тапсырғанына және Тоқаевтың басшы тағайындалуына қарсы емес. Дегенмен олар Дариға Назарбаеваның сенат төрайымы болып, елорда атауының өзгеруіне қатысты сыни пікірлер айтады. Соңғы тақырыпқа қатысты астана атауының заңсыз түрде ауысқанын көрсету үшін сарапшы Мереке Ғабдуәлиевтің пікіріне сүйенеді. Оның айтуынша, елорда атын ауыстыру үшін Ата заңға өзгеріс енгізілуі қажет[9]. Сонымен қатар басылым билік транзиті басталған сәттен-ақ келесі президент кім болатынына байланысты сұрақтар қойып, оқырмандарына жаңа дискурс береді. Астана атауының өзгеруіне қатысты Demoscope қоғамдық пікірге экспресс-мониторинг жүргізу бюросының сауалнама нәтижесіне сүйеніп, талдау жазып шыққан. Мұнда бұл нәтиженің қаншалықты сенімді екеніне сұрақ қойылып, оны 2016 жылдағы дәл осы зерттеумен салыстырады.

Осыған дейін «саяси амбициясы жоқ саясаткер» деп Тоқаевты бірнеше қайта сипаттаған редакция 7 мамырда «Тоқаев – ердің сойы, елдің қамқоры» және 21 мамырда «Тоқаев – өте білімді, адал, дипломат адам» деген екі материал жариялайды. Бірінші материалды жазушы Дидар Амантайдың атынан «Өз сөзі» айдарында берген. Оның жарнама немесе жазушының өз жеке пікірі екені нақтыланбаған. Материалдың атауы айтып тұрғандай мұнда Тоқаевқа арналған мадақтау сөздер көп. Мысалы, Дидар Амантайдың мақаласы «Біліктілік қасиеттері», «Кісілік қасиеттері», «Ұлтқа қызмет», «Қазақтың төл перзенті», «Тарихқа – құрмет, дәстүрге – адалдық» және «Мемлекет және қоғам қайраткері» деген бірнеше тақырыпшадан тұрады. Газеттің 3-бетіне жарияланса да, өте ауқымды әрі беттің шамамен 70 пайызынан астам көлемін алады. Газеттің фотоконтентін талдайтын зерттеушілер осыған дейін Тоқаевтың өзінен гөрі билікті сынайтын түрлі карриатура көрсе, бұл материалда президенттің мешітте отырғанын суретін бергеніне бірден назар аударар еді. Ал материал контентіне үңілсек, оның жалғыз бас кейіпкері – мемлекет басшысы Тоқаев. Ол мұнда өте позитив ренде; мысалы, талантты елші, басшы, премьер-министр ретінде мадақталып,

ата-бабасының қиындықтары жазылады. Анығына келгенде, мұнда автоцензураның ғана емес, авторитаризмге тән асқан мадақтау бар екенін бірден аңғаруға болады. Басылым өзінің тәуелсіз әрі шындықты айтушы ретіндегі позициясына қарсы шыққандай. Бұл сайлаудан бір ай бұрын шыққан материал болғандықтан, оны жарнама деп көруге болады. Дегенмен медиа этикасына сай, материалдың жанына оның төленгені жайлы ақпарат болуы тиіс.

Қорытынды

Медиа зерттеулерінде «күн тәртібі»(agenda-setting) теориясы басылым оқырмандарына қандай ақпарат беретінін сұрыптап қана қоймай, оған «нені қалай ойлау керектігін» үйретеді дейді. Екі басылымның контентін зерттей келе олардың күн тәртібі және редакциялық саясаты мүлде өзге екенін байқауға болады. «Егемен Қазақстан» газеті мемлекет тарапынан қаржыландырылатын басылым болғандықтан, мұнда Bennet пен Naim сипаттаған жанама цензураның бар екендігі байқалды. Зерттеушілер мемлекетпен байланысы бар басылымның редакциялық еркіндігі де шектеулі екенін жазған болатын[10].

«Жас Алаш» басылымы өзін жекеменшік тәуелсіз газет ретінде позициялағанымен, нарратив талдау нәтижесінде олардың осы ұстанымына соншалықты берік болмағандығы көрінді. Транзиттің бастапқы сәтінен бірінші президенттің қуаты күшейгенін, елорда атауы «заңсыз өзгертілді» деп көптеген тәуелсіз спикердің сөзін берді. Материалдардың басым бөлігі бейтараптық принципіне сәйкес, пікір алуандығын, екіжақтылықты бере білген. Мұның барлығы басылымдағы цензура мен автоцензураның аз екендігін көрсетеді. Дегенмен осындай сыни материалдарынан соң басылым сайлауға түскелі жатқан үміткер әрі президент Тоқаевты мадақтайтын екі көлемді материал шығарды. Материалдар жарнама ретінде берілуі мүмкін болса да, бұл редакцияның өзінде қарама-қайшылық барын көрсетеді.

Қорытындылай келе, 2019 жылы Қазақстанда билік транзиті бастау алған сәтте мемлекет тарапынан қаржыландырылатын «Егемен Қазақстан» газетінің контенті біржақты пікірге толы болып, мұнда жанама цензура орын алды. Ал жекеменшіктәуелсіз «Жас Алаш» газетінің басым контенті бейтарап және сыни пікір жазу арқылы цензурасыз медиа қалыптастыруға тырысқаны байқалды. Дегенмен жоғарыда аталған мадақтау материалы бұл басылымның соншалықты еркін емес екендігін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. & Naim, M. (2015). 21st-century censorship. (cover story). Columbia Journalism
2. &Naim, M. (2015). 21st-century censorship. (cover story). Columbia Journalism
3. Cavatorta F, Mekki N. How can we Agree on Anything in This Environment? Tunisian Media, Transition and Elite Compromises: A View From Parliament / The International Journal of Press/Politics, 2021

4. «Adilsoz» foundation. Situation with freedom of speech in Kazakhstan in 2020 / Analytical report, 2020
5. Riessman C.K. Narrative analysis / Qualitative research methods, 2008
6. Erin S.P, Benjamin M. A. Narrative analysis / The SAGE Encyclopedia of Communication Research Methods, 2017
7. Chatham House report. Kazakhstan: Tested by Transition, 2019
8. Retrieved from
9. Review, 53(5), Retrieved from
10. Winter, J. Thinking about silence. In: E. Ben-Ze'ev, R. Ginio, & J. Winter (Eds.), *Shadows of war: A social history of silence in the twentieth century* Cambridge / Cambridge University Press, 2010. pp. 3-31.
11. Қыдырәлі, Д. Азаттық архитекторы / Егемен Қазақстан газеті. - 2019 жыл. – 28 наурыз.
12. Жас Алаш, «Кеттім» деп күшейіп алды / Жас Алаш газеті. - 2019 жыл. – 21 наурыз.
13. Бақытқызы, Е. Мереке Ғабдуәлиев: Тасмағамбетовтың президент сайлауына түсуге құқығы бар / Жас Алаш газеті. - 2019 жыл. - 26 наурыз.
14. Bennett P, Naim M. 21-st century censorship / *Columbia Journalism Reviews*, 53(5), 2015